

Мектеп мемлекеттік аттестаттаудан 2019 жылы өтті. Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаменті, № 55-Ә. 10.04.2019 жыл.

Істер номенклатурасы: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбегі» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 271 бұйрығымен өзгерістер енгізілді).

Ақтөбе облысының білім басқарасының 2014 жылғы 26 қыркүйегінде № 4 сараптау комиссиясының хаттамасымен келісілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелер қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» негізінде құрастырылды.

Білім беру мекемесінің іс қағаздары:

- 01-Басшылық
- 02-Оқу бөлімі
- 03-Тәрбие бөлімі
- 04- Шаруашылық бөлімі
- 05- Медициналық бөлім
- 06- Кәсіподақ комитеті.

Өзін-өзі бағалау кезінде құжаттар реті номенклатураға сәйкес жүргізілген, құжаттар реті номенклатураға сәйкес.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-баб 3 тармағына және 16-бабының 1- тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырындағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2020 жылғы 2 қыркүйекте № 25-3 бұйрығымен 3 жылға құрылды. Кеңес құрамы 7 адамнан тұрады.

2021-2022 оқу жылы 11 класс комплектісімен басталды. Бастауыш класта 4 сынып жиынтығында 41 оқушы болса, орта буында - 5 сынып жиынтығында 48 оқушы, сонымен қатар жоғары буында 2 сынып жиынтығы 20 оқушы. 2021-2022 оқу жылы басында барлығы 109 оқушы болды.

2021-2022 оқу жылында «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі оқу-тәрбие процесі мемлекеттік тілде жүргізіледі.

2021-2022 оқу жылында «Қаражар орта мектебі» КММ-нде 1-11 класс аралығындағы оқушы саны оқу жылының басында 109 оқушы болса, оқу жылы аяғында 108 оқушы, мектепалды даярлық кластарында 14 тәрбиеленуші болып аяқтады. Мектепте мектепалды даярлық топтарын қоса алғанда 12 класс-комплектісі, 122 оқушы болды. Сонымен қатар шағын орталық тобында оқу жылы басында 10 тәрбиеленуші болса, оқу жылының 9 тәрбиеленуші болып аяқтады.

Сыныптар реттілігі	Оқушы саны
МАД тобы	14
1 сынып (литер:а)	16